

**Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы химикаттардың транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 шілде N 805

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 417/39987436/1-00204/23 з., 2002 жылғы 18 қаңтардағы N 417/39987436/1-00204-69 з., 2002 жылғы 28 қаңтардағы N 417/39987436/1-00209/24 з., келісім-шарттарға сәйкес "Қара Балта тау-кен комбинаты" акционерлік қоғамы (Қара Балта қаласы, Қырғыз Республикасы) үшін "Химреактивснаб" жабық акционерлік қоғамы (Уфа қаласы, Ресей Федерациясы) беретін химикаттардың қосымшаға сәйкес номенклатурасы мен саны бойынша Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті мен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы химикаттардың транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 19 шілдедегі

N 805 қаулысына

қосымша

"Қара Балта тау-кен комбинаты" акционерлік қоғамы

(Қара Балта қаласы, Қырғыз Республикасы) үшін "Химреактивснаб" жабық акционерлік қоғамы (Уфа қаласы, Ресей Федерациясы) беретін тауарлардың

саны

---

|      |                |      |        |       |   |          |   |          |   |       |
|------|----------------|------|--------|-------|---|----------|---|----------|---|-------|
| Р/с! | Тауардың атауы | !    | СЭҚ ТН | !Өлш. | ! | Саны     | ! | Бірлік   | ! | Ресей |
| N !  | !              | коды | !      | бірл. | ! | үшін     | ! | рублімен |   |       |
| !    | !              | !    | !      | !     | ! | ресей    | ! | құны     |   |       |
| !    | !              | !    | !      | !     | ! | рублімен | ! |          |   |       |
| !    | !              | !    | !      | !     | ! | бағасы   | ! |          |   |       |

---

|                                |           |           |      |          |           |
|--------------------------------|-----------|-----------|------|----------|-----------|
| 1. Күкірт қышқылы "осч" 11-5   | 280700100 | кг        | 1540 | 77,95    | 120043,00 |
| 2. Күкірт қышқылы 0,1 Н        | 280700100 | г         | 4    | 407,00   | 1628,00   |
| 3. Тұз қышқылы "хч"            | 280610000 | кг        | 120  | 62,49    | 7498,80   |
| 4. Тұз қышқылы 0,1 Н           | 280610000 | г         | 11,2 | 583,75   | 6538,00   |
| 5. Толуол "осч" 22-5           | 290230900 | кг        | 17   | 224,25   | 3812,25   |
| 6. Ацетон "осч" 9-5            | 291411000 | кг        | 60   | 194,35   | 11661,00  |
| 7. Хлороформ "хч"              | 290313000 | кг        | 45   | 224,25   | 10091,25  |
| 8. Калий марганец қышқылы "ч"  | 284161000 | кг        | 5    | 545,00   | 2725,00   |
| 9. Сутегі фторид "осч" 27-5    | 281111000 | кг        | 154  | 203,00   | 31262,00  |
| 10. Күкіртті натрий 9 сут. "ч" | 283010000 | кг        | 110  | 298,50   | 32835,00  |
| Жиыны:                         | кг        | 2051,0152 |      | 228094,3 |           |

---

Жөнелту пункті: Уфа қаласы (Ресей Федерациясы).

Баратын пункті: Қара Балта қаласы (Қырғыз Республикасы).

Шекаралық өту пункттері: Троицк-Қостанай, Жамбыл-Қара Балта.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК